

**А. Ә. Абуталиева, тілдік дайындық кафедрасының аға оқытушысы,
филология ғылымдарының кандидаты, полиция капитаны
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

ҒЫЛЫМ ТІЛІ: ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТІЛІ

Ғылыми тіл — тұйық жүйе емес, ол әдеби тіл лексикасын қолданып, грамматикалық заңдылықтарға сүйенеді, бірақ өзінің арнайы жүйелілігі мен ұйымдастырылу ерекшелігі болады. Ғылыми тіл — ғылым жетістіктерін, зерттеулер нәтижесін, өмірде алатын орны туралы баяндаушы тіл.

Ғылыми тіл — ұғымдардың атау сөз-терминдердің көмегімен ұғындырып, қыр-сыры мен қасиеттерін ерекше тілдік жүйемен жеткізу. Термин — ғылыми, технологиялық, мәдениет пен өнер және т. б. салалардың ұғымдарды белгілейтін мағынасы, белгілі бір қолдану аймағы бар сөз тіркесі немесе сөз. Термин ғылымның мәліметтерін, әсіресе, қарапайым тілде оны білдіретін атауы жоқтарын тура және бір мағыналы сөз түрінде беру қажеттігінен туатын ғылым тілінің элементі.

Ғылым тілін дамытуға байланысты мынадай мәселелерді айта кеткен жөн. Ол ғылыми ойлау, оның қыр-сырын анықтау және ғылым саласында тілді қолдану мәдениетін жетілдіру мәселелері. Ғылыми мәтін мамандандырылған ақпарат беру, қабылдау жағынан коммуникацияның өзге түрінен ерекше. Ғылыми тілге тән мынадай белгілер болады: «ғылыми мәтінде сөз желісі логикалық жүйеге бағынады, өзара бірімен бірі байланысты арнаулы ақпараттар баяндалады, сөз сипаттау түрінде болып, дәлдікке ерекше мән беріледі», — деп атап көрсетті ғалым Н. Уәли¹.

Ой тіл арқылы айтылған мазмұнның негізін құрайтынын ескерсек, адам қызметінің ғылыми саласы да тіл (сөйлеу) қызметі мен ой әрекетінің бірлескен кезінде ғана жүзеге асады. Сөйлеудің де, ғылыми қызметтің де нәтижесі — мәтін. Сондықтан тіл қызметін сөз еткенде ойлау мәселелерін назардан тыс қалдыру мүмкін емес.

Ғылыми шығарманың толық тілдік формаға көшуі, яғни ғылыми стильмен жазылған туындыға айналуы — бұдан кейінгі кезеңнің жемісі. Мұнда зерттеушінің шығармашылық ойлауы психологиялықтан қатаң логикалыққа, объективтілікке, стихиялылықтан жүйелілікке ауысады. Ғылыми баяндаулар айқын синтаксиске негізделіп, сөздердің орын тәртібінің сақталуында логикалық бірізділік орын алады. Бұл сәтті коммуникативтік кезең деп атайды. Ғылыми ой жаңа білім ретінде логикалық жолмен жасалған ақпарат пен құрылымдар арқылы танылады, тіл соларды неғұрлым дәл бейнелеу үшін, жеткізу үшін қолданылады. Ғылыми шығарманың авторы жалпыға бірдей қабылданған жағдайларға сүйене отырып, зерттеу нысанының негізгі белгілерін айқындайды. Олар пайымдаулар мен дәлелдеулерді нақты жеткізуге, дамытуға ұмтылады, мәселені логикалық жүйелілікпен баяндап, ғылыми абстракция жасайды, ғылыми ой мен ғылыми тілдің ажырамас бірлігі — ғылыми мәтінді тудырады. Осы орайда ұлттық тілдің қолданылу мүмкіншілігі (қолданылу өрісі) үлкен рөл атқаратыны сөзсіз.

Сөйтіп, ғылыми стильде шығармашылық ойлау ғылыми стильді ұйымдастырушы, қалыптастырушы негізгі экстарлингвистикалық фактор ретінде орын алады. Ойлау қызметі ғылыми салада қолданылатын тілдік жүйенің сұрыпталуына ықпал ететін тәсіл болып табылады. Ойлаудың өзі динамикалық құбылыс болғандықтан, тілдік формада ғылыми мәтіннің тууы ойлаудың бірнеше сатысынан кейін ғана жүзеге асады. Жоғарыда айтылғандарды ескере келіп, ол үдерісті мынадай кезеңдерге бөлуге болады: 1) шығармашылық ойлаудың коммуникативтілікке дейінгі кезеңі; 2) шығармашылық ойлаудың коммуникативті кезеңі. Нәтижесінде ғылыми тілдік шығарма дүниеге келіп, ғылым кеңістігін жаңа ақпараттармен толықтырады.

Ғылыми стиль — зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет ететін стильдің бір түрі.

Ал, пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін ғылыми стильге нақтылық, логикалық, мазмұн дәлелділігі қажет.

Ғылыми стильде сөйлемдегі сөздердің қалыпты орны, тіл нормасы қатаң сақталады. Яғни ғылыми стильде сөз көп мағыналы болып келмейді. Тек сөздің белгілі бір анықтамасы арқылы қолданылады. Сонымен қатар ол сөздің мағынасын ашу үшін де

ғылыми стиль қолданылады. Қазіргі таңда ғылым даму үстінде. Сол себепті күннен-күнге жаңа ғылыми сөздер пайда болуда. Адамдар осы сөздерді ғылыми стильді қолдана отырып мағынасын жазуда. Сол арқылы жаңа пайда болған сөздер жалпы халықтық лексикаға айналады.

Ғылыми стиль — жазба стилінің бір түрі. Бұған қазақ тілінде әр салада жазылған ғылыми шығармалар жатады. Ғылыми стильде зерттеу объектісі болатын зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет етеді. Ғылыми стильдің лексикасындағы ерекшелік:

- 1) сөз тек өзінің негізгі мағынасында жұмсалды;
- 2) сөздің көпмағыналылығы, образды сөздер мұнда аз кездеседі;
- 3) ғылым салаларының ерекшеліктеріне қарай әр саланың арнайы термин сөздері болады.

Ғылыми стильде жалпы жазу тіліне тән синтаксистік құрылыс пайдаланылады. Бұл стильдің негізгі ерекшелігі — ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделеді. Ғылыми стиль түрлері: таза ғылыми шағын стиль, ғылыми-оқулық шағын стилі, ғылыми көпшілік шағын стиль. Ғылыми стильдің мазмұндық ерекшеліктері: нақтылық, объективтілік, қисындылық.

Ғылыми стильдің басты лексикалық ерекшелігі — терминдер. Терминдер — ғылыммен техниканың, өнер мен саясаттың белгілі бір саласында қолданылатын бір ұғымның атауын білдіретін сөз немесе сөз тіркесі. Ғылыми стильдегі еңбектерге монография, оқулық, мақала, ғылыми есеп, диссертация, реферат, баяндама, тезистер, патенттер жатады. Ғылыми стильдің грамматикасының жазылу стилінің екі түрі бар. Бірі — стильдік мәнері толық қалыптасқан, екіншісі — ғылыми стильден ауытқушылығы басым келетін ғылыми шығармалар. Ғылыми стильдің өзіне тән құрылымдық жүйесі болады: ғылыми мәтін, олардың құрылысы, авторлық бағалау, ғылыми зерттеудің мақсаты мен міндеттері, ғылыми мәтіннің сыртқы элементтері, кіріспе, бөлім, қорытынды. Ғылыми стильде метафоралар кездескенімен, оның бейнелілік, көркемдік қасиеті бәсең болады. Есімді сөйлемдермен қатар етістікті сөйлемдер өте көп кездеседі. Ғылыми стильдің ауызша және жазбаша түрлері кездеседі. Ауызша түрінің жазбаша түрден айырмашылығы оның стилінің еркіндігі деп айтуға болады.

Жазба стильдің басқа түрлері сияқты ғылыми стиль де жалпы халықтық әдеби тілде жазылады. Бірақ тілдік тәсілдерді пайдалануда, әрине, өзіндік ерекшеліктері бар.

Терминнің негізгі ерекшелігі — ғылым мен техника саласы бойынша белгіленген ұғымның атауы болады, ерекше анықтамасы (дефинициясы) беріледі; логикалық жүйеге негізделген нақты семантикасы, лебізде келісілген қолданысы болады. Яғни атау терминдік жүйеге толықтай еніп, қолданыста жүйелі жұмсалу үшін, саналы түрде келісіледі, терімсөз комиссиясы бекітеді.

Термин табиғатына тән нәрсе — бірмағыналылық, дегенмен, бірмағыналылықты сақтау барлық жағдайда мүмкін бола бермейді. Өзге де тілдік бірлік сияқты терминдердің де мазмұны мен мағынасы бар: терминнің мазмұны — оның әуелгі терминдік түсінігі де, мағынасы — термин ретіндегі сипаты. Терминнің мағынасы мен мазмұны сәйкес келіп, бір-бірін анықтап, мағына мазмұнды ашуы тиіс.

Қазақ тіліндегі терминдер жүйесінің жасалуы былай бөлінеді:

1. Төл негіздер арқылы жасалған терминдер.
2. Шетел тілінен енген терминдердің баламалық негізде (калька) аударылуы арқылы жасалған терминдер.
3. Өзгеріссіз енген шетелдік терминдер.

Б.Н. Головин: «**терминді** екі түрлі қырынан көруге болады, ол белгілі бір затты және осы затқа тән белгілерді көрсететін ұғымды білдіреді»ⁱⁱ, — дейді. Әр терминнің дәлдігі, ұтымдылығы — ұғымды және заттың атын білдіретін қызметін, ресми-іс, көркем, т.б. стильдегі мәтіндерді салыстырғанда анық байқалады. Демек, терминдер екі түрлі қызмет атқарады: ол ұғымның танымын, әрі ұғымның мазмұнын білдіреді.

Термин — ғылымның, жинақталған білімдердің негізгі құрамдас бөлігі, ол заттың немесе құбылыстың жалпы қасиеттеріне негізделіп, белгілеріне қарай қысқа да түсінікті болып келеді. Термин — сөз, сондай-ақ, белгілі бір ғылыми ұғымды білдірумен қатар өзінің нақты ерекшелігі болады. Ғылыми еңбектерді саралау нәтижесінде ғылыми тілдің

терминологиялық және ұғымдық айқындығына әлі жете зерттелмегендігі анықталды. Әр пәннің тілі, яғни оқулық тілі ғылыми тілдің синонимі ретінде қолданылады. Кез келген ғылыми тіл — табиғи тіл негізінде қалыптасып, ғылымның қажеттілігін қанағаттандыру үшін жинақталған білімнің көрінісі.

Көптеген лингвистер ғылыми тілді жалпы әдеби тілдің әртүрлі қызметінің бір түрі деп түсіндіреді. Сонымен қатар лингвистер ғылыми тілдің 3 қабатын бөледі: 1) терминологиялық емес лексика; 2) жалпы ғылыми лексика; 3) терминологиялық лексика.

Білімгерлердің ғылыми тілмен сөйлеу дағдыларын дамытып жетілдірудің, пәнге қызығушылығын арттырудың ең басты негізгі жолдарының бірі — ғылыми мәтінмен тиянақты талдау жұмыстарын жүргізу.

ⁱ Уәли Н. М. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: Дис. ... д-ра наук. — Алматы, 2007.

ⁱⁱ Головин Б. Н. Как говорить правильно: заметки о культуре русской речи. — М., 1988.